



БЕКІТЕМІН

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1

Шымкент қаласы

01.09.2021 ж

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>№1 Педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»</p> <ol style="list-style-type: none">1. Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама)3. «Балабақшаның жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту».1) 2021-2022 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын,циклограмма, оқу қызметінің кестесі,күн тәртібін бекіту.3) Вариативтік компонент бойынша пәндерді таңдау, мазмұнымен таныстыру және бекіту4. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.5. Өртүрлі мәселелер.1)Балабақшаішілік шығармашылық топ құру, құрамын бекіту 2) Педагог портфолиосы туралы ақпарат6. Педагогикалық кеңестің шешімі	ҚЫРКҮЙЕК айы	Менгеруші Сыздықбекова Ж.С., Әдіскер Тажибекова Г.П, Педагогтар,Барлық топ тәрбиешілері

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1**

01.09.2021 ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама)
3. «Балабақшаның жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту».1) 2021-2022 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.2) Педагогтардың перспективалық

- жоспарларын,циклограмма, оқу қызметінің кестесі,күн тәртібін бекіту.3) Вариативтік компонент бойынша пәндерді таңдау, мазмұнымен таныстыру және бекіту
4. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
 5. Өртүрлі мәселелер.1)Балабақшаішілік шығармашылық топ құру, құрамын бекіту
2) Педагог портфолиосы туралы ақпарат
 6. Педагогикалық кеңестің шешімі

Педагогикалық кеңесті балабақшаның меңгерушісі Сыздықбекова Ж.С. ашты.Ол педагогтарды келе жатқан жаңа 2021 – 2022 оқу жылымен құттықтады. Педагогтарға келер жылға күш-жігер шыдамдылық, педагогикалық іс-әрекеттерде шаршамай-талмай жұмыс жасауларына ақ жол тіледі. Өткен 2020 – 2021 оқу жылы ойдағыдай аяқталғандығын, жоспарланған іс-шаралар түгелімен орындалғандығын айтты. Әдіскер Тажибекова Г.П 2021 – 2022 оқу жылының жоспарымен таныстырып, осы жоспарды педагогикалық кеңесте талқылап меңгеруші Сыздықбекова Ж.С. бекітті.

Балабақша қызметкерлеріне мектепке дейінгі балалар ұйымдарының жұмыс алгоритімімен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі 1-6 жас аралығындағы балалардың мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз ету, еліміздегі пандемия жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың қараусыз қалуын болдырмау мақсатында кезекші топ ашуға ата-аналар өтініштерін жинақтауын, балалардың медициналық анықтамасының болуын, ата-аналардың жұмыс орындарынан міндетті түрде анықтама болуын ескертті. Желдету, кварцтау уақыттарын қатаң бақылауды медбике Игиликова А.Б жүктеді.

әдіскер С.Н.Байболова биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуге;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Білім беру салаларының өзара байланысуы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырылады. Мысалы, «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде педагог балалардың ауызекі сөйлеуін дамытады, сөздік қорды толықтырады, санауға, би қимылдарын қолданып, музыканың сүйемелдеуімен жаттығулар орындауға үйретеді. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың танымдық белсенділігін дамытуға және қоршаған ортаны тұтас қабылдауға ықпал етеді.

2020 – 2021 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада өтпелі тақырыптар жасалынып, бекітілді. Өтпелі тақырыптар балалардың жас ерекшеліктерін, бөбекжайдың тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;

- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық ұстанымын сақтау;

- Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

- балаларды дамыту мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және балаларды сапалы тәрбиелеу және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі тәсілдер мен ұстанымдар қарастырылады:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналардың баланың тұлғасының қалыптасуында және оның қабілеттерінің дамуында кешенді тәсілі;

- балалардың жас, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың дамуына әрекеттік тәсіл;

- балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда денсаулықты сақтау тәсілі;

- баланың даму деңгейіне мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйым қызметіне инновациялық тәсіл;

- оқытудың тұтастық, сабақтастық, үздіксіздік ұстанымдары келесі бөлімде бұрын игерген білімді бекітуді, кеңейтуді және тереңдетуді жалғастыратын білім беру салаларының бөлімдерінің арасындағы байланыс ретінде;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламалары бар, ресурстар кіретін

интерактивті жабдықтар жатады. Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралатын №4 мәселесі бойынша меңгеруші Сыздықбекова Ж.С. аттестациялау комиссиясының құрамын құру керектігін және оған бұйрық шығаруды тапсырды. Оған көпшіліктің келісімі бойынша төмендегі қызметкерлер бекітілді:

1.Аттестациялау комиссиясының төрайымы

Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С.;

2. Аттестациялау комиссия мүшелері:

Тажобекова Г.П – мүше, әдіскер

Раева А.А– мүше, Саз жетекшісі (Музыка)

Нуржигитова Р.А-мүше,тәрбиеші

Еркін Ә.Е– мүше, есепші.

ШЕШІМ:

1. Жылдық тәрбие жоспары бекіу.
2. Топтарда ата – аналар жиналысы өткізілсін. Кентау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 9 шілдедегі №253 қаулысымен таныстыру барлық тәрбешілерге тапсырылсын.
3. Кезекші топтарда қауіпсіздік ережелері сақталып, кезекші топтарға қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін қадағалау медбике Игиликова А.Б тапсырылсын
4. Дезинфекциялау және жуу құралдарының антисептиктердің жеткілікті болуын қадағалау
5. Балабақшадағы күн тәртібінің дұрыс орындалуын қадағалау
6. Оқу жылының барлық ұйымдастырылған оқу қызметтері жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартын басшылыққа ала отырып бекіту және жүзеге асыру.
7. Іс-қағаздарын ұқыпты жүргізу әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, оны бақылап отыру әдіскер Тажобекова Г.П тапсырылсын.

Педкеңестің төрайымы:

Хатшы

Сыздықбекова Ж.С

Тажобекова Г.П



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2

Шымкент қаласы

15.11.2021 ж

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>Тақырыбы: «Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы»</p> <ol style="list-style-type: none">№1 педкеңес шешімінің орындалуыТақырыптық бақылау қорытындысы «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы»Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелеріБалалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау:<ol style="list-style-type: none">-Ерте жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы-Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәліметТәжірибе алмасу: «Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі» Педагогикалық жәрмеңке: «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс- тәсілдері»Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлеріПедагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.	Қараша айы	<p>Менгеруші Сыздықбекова Ж.С., Әдіскер Тажибекова Г.П., Педагогтар,Барлық топ тәрбиешілері Медбике Игиликowa А.Б Педагогтар,Барлық топ тәрбиешілері</p>

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2

15.11.2021 ж

Тақырыбы: «Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. **Тақырыптық бақылау қорытындысы** «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы»
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері
4. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау:
 - a. -Ерте жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы
 - b. -Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет
5. **Тәжірибе алмасу:**
«Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі»
Педагогикалық жәрменке:
«Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс- тәсілдері»
6. Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлері
7. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.

Балабақша меңгерушісі Сыздықбекова Ж.С өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін түгел орындалғанын айтып шықты.

Балабақша әдіскері Тажобекова Г.П МАД «ЭРУДИТ», «ОЙШЫЛДАР» топтарында өткен тақырыптың бақылаудың қорытындысын мәлімдеді. Барлық аталған топтар таңертеңгілік жаттығуды таза ауада музыка әуенімен жасағанын айтты. Спорттық жарыс «ЭРУДИТ», «ОЙШЫЛДАР» топтарында жақсы ұйымдастырылған. Жәнен сауықтыру іс – шаралары жақсы өткенін атап айтты. Алайда кемшіліктерде аз емес, ұйқыдан кейінгі жаттығу, дене тәрбиесі оқу қызметіне үлкен мән беріп, уақытылы өткізу керектігін ескертті.

Келесі сұрақ бойынша ересек, мектепалды даярлық топтарының балаларының күнделікті жуыну, үстел үсті тамаққа дайындық, ойыншықтарды жинау дағдылары жақсы қалыптасқанын атап айтты.

Медбике Игиликова А.Б балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдауында: кіші жас «Ханшайым», топ балаларын қабылдаған кезде бала таңертең жылап келеді, бала үйренгенше 2-3 сағат қабылдап, бірте бірте күн ұзаққа қалдырып үйрету керектігін айтып әр келген балаға мейіріммен қарап, тамағын беріп, балалармен қосылып ойнауына жағдай жасау керектігін ескертті. Кей бала 1 аптада, ал кей бала 1 айға дейін балабақшаға бейімделе алмайтынын айтты.

Ерте жас балаларының қолдарын жылы сумен жуып тұру қажеттігін айтты және баланы түбекке отыруды үйрету керектігін атап айтты.

Әдіскер Тажобекова Г.П «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс – тәсілдері» тақырыбы бойынша тоқталып өтті.

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды

даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз.

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан — жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым — қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке — дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет- деді.

ШЕШІМІ

1. Өткізілетін іс – шаралардың барлығы жоспарлы түрде жүргізіліп, жоспарлар мен сценарийлер әдістемелік кабинеттің қорына уақытылы өткізілсін.
2. Іс – қағаздарын ұқыпты жүргізу, әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, қатаң бақылап отыруын әдіскер Тажибекова Г.П жүктелсін.
3. Барлық топ тәрбиешілері ата-анамен тығыз байланыста болып, ата-анамен байланыс журналдарын уақтылы толтыру тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Топтарда бала санын толтыру, балабақшаға келмеу себебін анықтау.
5. Балаларды таза ауада уақытылы серуендету.
6. Келесі пед кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

Педкеңестің төрайымы:

Сыздықбекова Ж.С

Хатшы

Тажибекова Г.П



БЕКІТЕМІН

ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3

Шымкент қаласы

10.01.2022 ж

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік-тілдік қарым-қатынасын дамыту, қабілеттерін арттыру»</p> <ol style="list-style-type: none">№2 педкеңес шешімінің орындалуыТақырыптық бақылау «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері«Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»Педагогикалық ой-салулар қоры: «Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі. «Дамытатын ойындар арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту»«Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар»Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.	Қаңтар айы	<p>Менгеруші Сыздықбекова Ж.С., Әдіскер Тажибекова Г.П, Педагогтар, Барлық топ тәрбиешілері</p>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3**

10.01.2022 ж

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, коммуникативтік-тілдік қарым-қатынасын дамыту, қабілеттерін арттыру»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. **Тақырыптық бақылау** «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».
3. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелері
4. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»
5. **Педагогикалық ой-салулар қоры:** «Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі. «Дамытатын ойындар арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту»
6. «Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар»
7. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.

Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша меңгеруші Сыздықбекова Ж.С тоқталып, екінші мәселеге өтті.

Жаңа қоғам ертеңгі болашағын оқыту мен тәрбиелеу бесіктен, баланың нәрестелік шағынан басталады, үздіксіз даму барысында қалыптасады. Бұл білім беру жүйесінің барлық буындарына үлкен міндеттер жүктейді.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып терең білімді, оқу барысында танымдық әрекеттерді бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Бұл ретте мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзіреттіліктерін қалыптастырудың білім, біліктерін жетілдірудің әлеуметтік мәні зор.

Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлесуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөйлем құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының молаюына аса көңіл бөлген жөн. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуына тіл маңызды рөл атқарады. Тілдің, сөйлеудің немесе сөздің әсерінен баланың қабылдау сипаттамасы өзгереді. Сөздердің ауызша көрсетілуі мен мән-мағынасын түсіне бастайды, демек, сөйлеу арқылы қабылдаудың сенсорлық типі мән-мағыналық, заттық типке ауысады.

Бала мектепке жақсы тілдік дайындықпен баруы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіре түсу үшін тәрбиешілер тиісті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың тілдік даму деңгейлерін жүйелі түрде бақылап, тексеру жүргізіп отыруы қажет-деді.

Педагогикалық кеңестің 2-ші мәселесі бойынша әдіскер Тажибекова Г.П балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының аралық бақылау нәтижелерін көрсетіп, айтып өтті.

3-ші мәселе бойынша тәрбиеші Рысбекова Л.И сөз берілді: Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын.

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес – деді.

Ары қарай әдіскер Тажибекова Г.П толықтырды: Біздің балабақшамызда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы.

Мектепке ересек жастағы балалардың өзі театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылығын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналау ойындары арттырады.

Егер де бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тапқарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады – деді.

4-ші мәселе бойынша «Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі. «Дамытатын ойындар арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыптарында әдіскер Тажибекова Г.П тоқталды.

Статистикаға сүйенсек қазіргі кездегі түрлі дәрежедегі тіл кемістігі бар балалардың көбеюі – қоғамның шешімін таба алмай келе жатқан өзекті мәселенің бірі болып табылады. Мұндай балаларға арнайы мектептер мен оқыту бағдарламалары жоқтың қасы.

Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, бұл жағдайда тіл кемістіктері бар балаларда көптеген қиындықтар туындайды. Адамда сөйлеуге арналған негізгі орган болмайды. Сөйлеуге өңеш, өкпе, жұтқыншақ, тіл, тіс, ерін, ұрт, жақ қатысады. Баланың миының даму процесі белгілі бір кезеңге жеткенде ғана дұрыс сөйлей бастайды. Тіл кемістігі бар балалар өз кемшіліктерінің себебінен өздеріне достар таба алмай қиналып, сөйлеуден де қорқады. Ондай балалардың жалпы және ұсақ моторикалары да толық дамымайды. Өздеріне басқалар тарапынан сұрақтар қойылса, жауап беруден қашқақтап, сұрақтарды толық тыңдамай мазасызданып, әр түрлі ретсіз қимыл-қозғалыстар жасайды. (басын қасу, қозғалақтау, тамағын қырнау т.б) сенімсіз, мазасыз, жсқаншақ балаға айналады. Бұл қиындықтар бала өскен сайын тереңдей түседі. Тіл кемістігі бар балалармен жұмыс жүргізуде әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады-деді.

Артикуляциялық жаттығу дегеніміз не? және оның маңызы;

Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз – ол сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыратын, оның мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын қалыптастыратын және нығайтып, жетілдіретін арнайы іріктеліп алынған жаттығулар болып табылады. Артикуляциялық жаттығудың басты талабы-жүйелілік. Жаттығуды орындау кезеңі **активті** және **пассивті** болып екіге бөлінеді.

-активті, бала барлық тапсырманы өз бетімен орындағанда;

– пассивті, балаға қимылдарды дұрыс орындауға үлкен кісі көмектеседі.

Егер бала артикуляциялық аппарат ағзаларымен қажетті қимылдарды дұрыс орындай алмаса, оған көмектесу керек. Оны механикалық дыбыс қоятын және массаж жасайтын зонд аппаратымен немесе тілге массаж жасау арқылы көмектесуге болады.

Артикуляциялық жаттығулар төменгі тәртіппен ұйымдастырылады:

1. Ересек адам жаттығу атауларын атай отырып, алдағы орындалатын жаттығулар туралы айтып береді.
2. Оның орындалуын көрсетеді.
3. Бала жаттығуды орындайды, ал ересек адам оның дұрыс орындалуын бақылайды – деп сөзін тәмәмдады.

«Дамытатын ойындар арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбында әдіскер Тажибекова Г.П тоқталды: Интеллектуалдық дамыту ойындары балалардың түсіну және қабылдау қабілетін, ақыл-ойын дамытуға, түсінік-ұғымдарын қалыптастыруға, білімді терең меңгеруіне игі ықпал етеді.

Интеллектуалдық дамыту ойынының негізгі құрылымдық ерекшелігі – ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесінің қатаң сақталуы, педагогтың ойынды ұйымдастыруға даярлығы, баланың жас және жеке даму қабілеттерінің ескерілуі.

Ақыл-ойды тереңдетуге бағдарланған интеллектуалды ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді, қолданып көргенін, танып- білгенін есінде сақтайды. Нәтижесінде қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, тұрмыс пен қызмет түрлерін ажырата бастайды. Еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады.

Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр оқушының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады.

Ақыл-ойын дамытатын ойындарды меңгерген балалар логикалық ойлауының жоғарғы дәрежесімен, математикалық шешімдер қабылдай білуімен, талдау жасай алуымен ерекшеленеді. Пішіндер мен түстерді ажырата алуы, салыстыра білуі қабілеттері дамып, қабылдауы мен танымы кеңейеді.

Интеллектуалдық дамыту ойындарында балалар талдау (тұтасты жеке бөліктерге ойша бөлу), жинақтау (бөліктері тұтасқа ойша біріктіру), салыстыру (ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу), жүйелеу (заттарды, құбылыстарды топтарға бөлу) сияқты ойлау тәсілдерін меңгереді-деді.

6-шы мәселе бойынша тәрбиеші Ж.С.Ибраева қысқаша тоқталып, ойындар тізбегімен таныстырып, ойындардың атауын және ережесімен таныстырып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Барлық педагогтер мен тәрбиешілер балалардың **тілін дамытуды**, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибелерінде қолдануды жалғастырсын.
2. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдері толықтыру әдіскер Тажибекова Г.П жүктелсін.
3. Жоспарланған ашық оқу іс-әрекеттер уақытысында өткізіліп, оған тәжірибе алмасу мақсатында барлық педагогтар қатысуын жүктеу.
4. Топтарда бала санын толтыру, балабақшаға келмеу себебін анықтау.
5. Балаларды таза ауада уақытылы серуендету.
6. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

Педкеңестің төрайымы:
Хатшы

Сыздықбекова Ж.С
Тажибекова Г.П



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4

Шымкент қаласы

01.03.2022 ж

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы</p> <p>2. «МЖМБС сәйкес баланың қалыптасқан машықтарының деңгейі» кешенді бақылау</p> <p>3. Педагогикалық қобдиша</p> <p>-«Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту».</p> <p>-«Өзін-өзі тану пәні» арқылы мектепке дейінгі баланың отансүйгіштік құндылық пен адамгершілік бағдарын рухани жағынан қалыптастыру».</p> <p>-«Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру»</p> <p>4. «Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»</p> <p>5. Әртүрлі мәселелер</p>	Наурыз айы	<p>Менгеруші Сыздықбекова Ж.С., Әдіскер Тажобекова Г.П, Педагогтар,Барлық топ тәрбиешілері</p>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4**

01.03.2022 ж

Тақырыбы: «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы
2. «МЖМБС сәйкес баланың қалыптасқан машықтарының деңгейі» кешенді бақылау
3. **Педагогикалық қобдиша**
 - «Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту».
 - «Өзін-өзі тану пәні» арқылы мектепке дейінгі баланың отансүйгіштік құндылық пен адамгершілік бағдарын рухани жағынан қалыптастыру».
 - «Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру»
4. «Жанаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»
5. Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша меңгеруші Сыздықбекова Ж.С тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалған.

Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) (бұдан әрі - Стандарт);
- Үлгілік оқу жоспарларына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізілді.Мониторинг балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен

дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді- деді.

Екінші мәселе бойынша саз жетекшісі Раева А.А тоқталды. Музыкалық тәрбие — мектепке дейінгі жастағы балаларға эстетикалық, талғамдық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып саналады.Басты мақсат — біртіндеп түрлі музыкалық іс – шараларды (есту, қабылдау, орындау,шығармашылық, музыкалық біліктілік, сауаттылық) меңгерту арқылы баланың бойындағы өзіндік бағыттаушы, реттеуші болып табылатын эмоциялық сезімін ояту. Музыкалық эмоцияны дамыту барысында баланың музыка өнеріне деген қызығушылығы, ұнатушылығы, мәнері, музыкалық мәдениеті, эстетикалық сезім негізі қаланады.Баланың жан – жақты тұлға болып өсуінің басты мақсаты музыка тәрбиесіне байланысты.Оның бастапқы кірпіштері бала кезінен қаланады.Осыған орай

балалар бақшасындағы музыка іс- әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Ол таңертеңгілік жаттығудан бастап, музыка әрекетінде, жеке музыкалық жаттығуларда, мерекелер мен ойын – сауықтарда ойналады. Н.К.Крупская: «Балаға музыка арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсінуіне айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне көмектесу қажет...» — деп өнердің жеке адамды тәрбиелеудегі маңызын айтқан екен. Мектепке дейінгі балалық шақ- бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыратын кезең. Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі- музыка. Баланы жан – жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Музыка осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ Қазақстан азаматы болғандықтан, әрбір бүлдіршін еліміздің рәміздерін, әсіресе, мемлекетіміздің Өнұранын есіне сақтап, жаттап алуын қамтамасыз еткен дұрыс. Өнұранның мазмұнын балаларға егжей- тегжейлі түсіндіріп, мереке күндері топ болып айтқызу керек. Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді. Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді, әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді.

Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез – құлқына, мәдениетіне септігін тигізеді. Түрлі тапсырмаларды, іс – қимыл түрлерін ән айту, музыка тыңдау, балалар аспаптарында ойнау, музыка ырғағына үйлесімді қимылдар жасау, алмастырып отыру балалардың ықылас қоюын, тапқырлық көрсетуін, тез қабылдап, тез қимыл жасауын, ұйымшыл болуын, жігерлі күш қимылды: әнді дер кезінде бастап аяқтауды; биде, ойындарда тезірек жүгіріп кеткісі, әлде кімдерден озып кеткісі келген ықтиярсыз тілекке берілмей, музыкаға бағынып, қимылдай білуді талап етеді, ерік- жігерді тәрбиелейді. Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымалдықта маңызы бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл – ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандырады – деді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Аккулова А.К сөз алды, Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан Республикасының халқына Жолдауында: «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар-патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, пәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілу тиіс». Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі адамзатты одан әрі біріктіре түсуде. Ортақ проблемалардың орын алуы ең алдымен рухтың тазалығын талап етеді. Әлемді шарпыған рухани дағдарыс бүгінгі таңда жаһандық мәселе болып, бүкіл әлемді алаңдатууда. Рухани-адамгершілік дағдарыс бүгін жаһандық мәселелердің бірі болып отыр. Себебі ол бір мемлекет деңгейінде емес, бүкіл әлемді шарпып отырған құбылыс. Қазіргі кезде бүкіл әлемде жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша жаңа білім бағдарламаларын іздестіру үстінде. Жапонияның білім беру жүйесі негізіне жоғары адамгершілікті тұлға тәрбиелеуге бағытталған курс алынған. Францияда «өнер арқылы тәрбиелеу» тұжырымдамасы табысты жүзеге асырылуда. Литвада рухани-адамгершілік білім беру бойынша курс міндетті пән болып табылады. Финляндияда адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен руханилықты дамыту, қоғамдық қарым-қатынастар мен азаматтық әдеп оқытылады. Ал біздің елімізде “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Білім деген тек дағды мен білік қана емес, сонымен бірге адами қасиет екендігін ізгілікке зәру ХХ ғасыр кеш түсінген тәрізді. Білімнің басты мазмұны адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылады. Кезінде ұлы Абайдың да басты өмірлік қағидасы “Адам бол!” емес пе еді? Өзін- өзі тану” рухани адамгершілік құндылықтарды қайта жаңғырту бойынша білім беру жобасының авторы,

оның негізгі міндеті: жалпы адамдық құндылықтарды жаңғырту, балаларға өздері және қоршаған әлеммен үйлесімділікте өмір сүруді үйретуді басты міндетіміз деп отыр – деп сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегін әдіскер Тажибекова Г.П алды: Эстетикалық тәрбиені бала кезеңнен бастау жан — жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты. Әсемдікті бағалай білу қабілетін жетілдіруге бағытталған мақсатты жүйе. Эстетикалық тәрбие — дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбие дегеніміз — еңбектегі, тұрмыстағы, өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауын, түсінуінге тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие — сұлулықты тану, сүйе білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілетін, дамытады. Эстетикалық тәрбие — кең ұғым.

Эстетикалық тәрбие міндеттері:

- бейнелеу өнері (кескіндеме, графика, мүсін) көркемөнер шығармашылығы (көркем әдебиет, музыка, театр, кино) арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру
- эстетикалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру.
- әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие — сұлулық пен дүниенің әсемдігін сезіну — әдемілікті, бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы, бала әлем сұлулығын көре және сезіне алады, сонымен қатар баланың көркем-шығармашылық қабілеттері мектеп жасына дейінгі балалаға эстетикалық тәрбие берудің маңызын анықтау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілетін дамыту — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, оқу қызыметіне енгізудің маңызы зор. Балалардың бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында қарауды қалыптастыру болып табылады. Мұндағы мақсат – баланы дамыту. Шығармашылық іс — әрекеттерге қатыстыру, сол арқылы әсемдік руханиятқа, өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу, сенсорлық әрекетін дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін байытып, бір – біріне жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбие — дегеніміз баланың ақыл-ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен тәрбиені жүзеге асыру үшін балалардың әсемдік сезімі мен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, ес біле бастағаннан өзі жете түсінбесе де жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтар қызығушылық сезімін туғызады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәйғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан бірлігі ретінде қабылдайды. Эстетикалық қабылдау сезім мен тебіренумен тығыз байланысты

Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оған баға беру өмірге қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекшелік- бұл шындықты соншалықты пәк, тікелей бейнелейтіндігінде, ғаламат шынайылығында, бейнелейтін заттың ойын кезінде әсерін бейнелі түрде жеткізе білуіне тәрбиеші үнемі көмектесіп отыруы керек. - деп сөзін тәмәмдады.

Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С: Балалар әрбір кезеңнің, дәуірдің жемісі. Олардың іс-әрекетіндегі көріністер өз заманының дәстүрі. Еліміз, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арман тілегі-тәуелсіздігін алып, қоғамның демократиялық жолымен дамуы білім тәрбие мазмұнын заман талабына сай жаңартуға мүмкіндік туғызды. Заман талабы: ел болашағы — жас ұрпақты мектепке дейінгі ұйымнан бастап Отанын, туған жерін, елін сүйетін, тілді ардақтайтын, салт-дәстүрлерді қастерлейтін, бойында ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, қоғам мүддесіне сай жан-жақты жетілген, парасатты азаматты тәрбиелеу.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында былай деген: «2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жылға қарай оның саны 90 пайызға дейін артады». Сонымен қатар «Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» деген. Жаңа қоғамға жаңа ұрпақ тәрбиелеу мақсатында балаларға білім беру жүйелі дұрыс жолға қойылған. Болашақ ұрпақты қоғам мүддесіне үйлесімді түрде қайта оқыту және тәрбиелеу міндеттері жүзеге асырылуда. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы — баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу. Шындығында сапалы білім, саналы тәрбиемен шынайы ұштасқанда ғана ұлт тілегі орындалып, қоғам өзінің рухани дамуында асыл қасиеттерге қол жеткізбек. Кез келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез — құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Сол үрдістің бірі мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталып, өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі – ойын. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Әсіресе, дидактикалық ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттыруға басты құрал. Дидактикалық ойынның баланың тілін, ой-өрісін дамытуда алар орны зор. Ойын – баланың психикасында саналы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына ойлау-қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Дидактикалық ойын арқылы ойлау, тілін жаттықтыру операцияларын меңгерген бала, өте зерек бола бастайды, анық және мәдениетті сөйлеуді, ойлауды үйренеді. Бала дер кезінде ойын жинақтап, шешім қабылдап және басқаларды өзінің дұрыстығына сендіре алады. Дидактикалық ойынның негізгі міндеті – баланың білімін байыту, мәдениетті сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Дидактикалық ойын арқылы бала – ойыншықтар мен заттарды түсіне, көлеміне және пішініне, түсі және көлемі бойынша кезектестіріп, белгілі бір жүйелі мұнара және пирамида құрастырып шыға алады. Балаларды ойната отырып, қазақ тілін оқытуға белсене кірісіп, ой-өрісін дамытатын дидактикалық ойындарды көбейткеніміз дұрыс. Оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған ойындардың барлығы да баланы қоршаған ортаға қызмет ететін, оған таныс, бала санасын оятатын, дидактикалық ойын жандандыратын дидактикалық құралдардың болуымен ерекшеленеді. Әдемі, айшықты көркем безендірілген дидактикалық көрнекі құралдар балалардың ойынға деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан қазақ тілі сабағында дидактикалық ойын қолдану, тілді меңгеруге зор үлесін тигізеді. Ойындарды қолдана отырып, заман талабына сай ұйымдастырылған оқу қызметтері жаңаша ұйымдастырылып, шығармашылықпен іздену үшін, мемлекеттік тілді меңгеру үшін барлық біздің «Колосок» ясли — бақшасында біршама жағдайлар жасалынған. Қазақ тілі кабинеті қажетті жабдықтармен, көрнекі құралдармен безендірілген. Кабинетте ұлттық дәстүрімізге сай жабдықтар (киіз үй, сандық, ұлттық ою-өрнектермен әшекейленген ұлттық бұйымдар т.б.) бар. Театрландыру қызметінің түрлерін балалардың шығармашылығына арналған бейнелі жабдықтар, кітаптар, насихаттық материалдар, ұлттық ойын үлгілері әзірленген. Балаларға қазақ тілін оқыту барысында бейнетаспа, үнтаспа, дискілер, релаксация қолданылады. Ұйымдастырылған оқу қызметі топпен және жеке дара жүргізіледі. Тіл үйретуде ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. Әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлеу үлгілерін тақырыпқа сәйкес және жас ерекшеліктеріне сай қолданған тиімді. Ойын барысында қолданылатын дидактикалық материалдар балаларға түсінікті болса, ойын жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойынды пайдалану жиілігін анықтап және шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни ұйымдастырылған оқу қызметінің кез —

келген сәтінде оқыту әдісінің құрамды бөлігіне айналдыруға болады. Бірақ ойын процесі мен оқу процесін бір-біріне етене ұқсастырып ұйымдастырған жөн. Бала ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу процесінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және оқу іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды – деді.

Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Педагогикалық кеңесте тыңдалған баяндаманы әдістемелік кабинет қорына тапсыру.
2. Өткізілетін іс – шаралардың барлығы жоспарлы түрде жүргізіліп, жоспарлар мен сценарийлер әдістемелік кабинеттің қорына уақытылы өткізу.
3. Іс – қағаздарын ұқыпты жүргізу, әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, қатаң бақылап отыруын әдіскер Тажибекова Г.П жүктеу.
4. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу қызметін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер мен әдіскерге міндеттелсін.

Педкеңестің төрайымы:
Хатшы

Сыздықбекова Ж.С
Тажибекова Г.П



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:

C. Сыздықбекова

БЕКІТЕМІН

Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5

Шымкент қаласы

16.05.2022 ж

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы</p> <p>2. Диагностикалық есеп:</p> <p>I. «Менің жұмысымның нәтижесі»</p> <p>II. «Біздің жетістіктеріміз»</p> <p>3. -«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»</p> <p>-«Мектепалды дайындық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»</p> <p>4. Қорытынды</p> <p>II жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы</p> <p>5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»</p> <p>6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»</p> <p>7. Әртүрлі мәселелер</p>	Мамыр айы	<p>Меңгеруші</p> <p>Сыздықбекова Ж.С.,</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тажобекова Г.П,</p> <p>Педагогтар,Барлық топ тәрбиешілері</p>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5**

16.05.2022 ж

Тақырыбы: «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы
 2. Диагностикалық есеп:
 - I. «Менің жұмысымның нәтижесі»
 - II. «Біздің жетістіктеріміз»
 3. -«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»
-«Мектепалды дайындық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»
 4. Қорытынды
- II жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы
5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»
 6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»
 7. Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңесті кеңесті меңгеруші Сыздықбекова Ж.С ашып, пед кеңес мүшелерін оқу жылының аяқталуымен құттықтады. 2021 – 2022 оқу жылында 140 бала бақшада болды. Олардың ішінде 2 МАД топ балаларының біршамасы мектеп табалдырығын аттағалы отыр. Олар мектепке толығымен дайын деп айта аламын. Өткен оқу жылында қалалық ұйымдастырылған іс – шараларға балаларымыз қатысып, көптеген мадақтау қағаздарымен марапатталды. Осы балаларымыздың жеңістері үшін тәрбиешілер сіздерге үлкен рахмет.

Жазғы сауықтыру іс – шараларын орындау мақсатында тәрбиешілерге жазғы іс – әрекеттер жоспарын түзіп, жұмыс жасауды ұсынды.

Тажобекова Г.П мамыр айында өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу қызметтеріне шолу жасады. Барлық тәрбиешілер өздеріне қойылған тапсырманы жақсы деңгейде көрсете білді. МАД «Ойшылдар», «Эрудит» топтарының тәрбиешілері Үсенова Салтанат Мүталіпқызы , Нуржигитова Рахима Абдиразақовна балаларын өте жақсы тәрбиелеп мектепке шығарып салды.

Тажобекова Г.П балабақша педагогтары өздерінің жылдық есебімен таныстырды жобаға қосып алушылар болған жоқ. Барлық топ тәрбиешілері жыл соңына дейін атқарған жұмыстары бойынша есептерін оқып, талқылады.

Жылдық жоспарды орындалуы бойынша әр тәрбиеші өз топтарындағы балалардың мониторинг нәтижелерінің қорытынды пайыздарын шығарды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Балабақшада атқарылған бір жылдық жұмыс есебі қанағаттандырарлық деп табылсын.

2. Педагогтардың бір жылдық есебі толықтырылып әдістемелік кабинет қорына тапсыру.
3. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтыру еңбек ойындар өткізу оны жоспарлы түрде өткізуін қадағалап отыру әдіскерге жүктелсін.
4. Жаз мезгілінде балаларды дәруменді тағамдармен тамақтандыру дәрумендер беру медбике Игиликова А.Б жүктеу.
5. Жазғы көгалдандыру жұмыстарын қадағалау меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева Ә.Д тапсыру.

Педкеңестің төрайымы:
Хатшы

Сыздықбекова Ж.С
Тажибекова Г.П